Визуал фреймингке арналған эмпирикалық зерттеулер кадр композициясы, камера қашықтығы, монтаж және визуал контекст аудиторияның эмоциялық қабылдауына ғана емес, оқиғаның себептері мен жауапкершілігін бағалауына да ықпал ететінін көрсетеді. Мұндай ықпал визуалды элементтердің жеке әсерінен емес, олардың мәтін және дыбыспен бірлескен қызметі арқылы қалыптасады. Сондықтан деректі фильмдерді талдау барысында визуал қатарды эстетикалық шешім ретінде ғана емес, әлеуметтік шындықты ұйымдастыратын дербес аналитикалық компонент ретінде қарастыру қажет. Осы теориялық ұстаным зерттеу барысында NYT Op-Docs пен Azattyq фильмдеріндегі визуал стратегиялардың әлеуметтік шындықты қалыптастырудағы айырмашылықтарын салыстырмалы түрде талдауға негіз болды.

Деректі фильмге арналған қазіргі зерттеулер аталған жанрды шынайы оқиғалардың қарапайым аудиовизуалды тіркелімі ретінде емес, қоғамдық білім өндіретін медиалық практика ретінде қарастырады. Николс (2017) деректі фильмнің басты ерекшелігі өмір шындығын механикалық түрде көшіруінде емес, белгілі бір көзқарас пен дәлелдеу логикасы арқылы қайта ұйымдастыруында екенін көрсетеді. Осы ұстанымды Бориш және әріптестері (2021) жалғастырып, деректі фильмнің сапалық зерттеуде деректерді жинау, талдау және ғылыми нәтижелерді ұсыну құралы ретінде де қолданылатынын дәлелдейді. Фицджеральд пен Лоу (2020) деректі фильмді ғылыми зерттеу нәтижесін визуалды түрде ұсынатын шығармашылық өнім ғана емес, зерттеу үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде бағалайды. Ортақ тұжырым – деректі фильм әлеуметтік шындықты дайын күйінде көрсетпейді; ол оқиғаларды іріктеу, құрылымдау, дәлелдерді ұйымдастыру және визуалды баяндау арқылы жаңа мағыналық құрылым қалыптастырады. Сондықтан қысқа форматтағы деректі фильмдерді талдау барысында олардың мазмұнын ғана емес, әлеуметтік шындықты қандай нарративтік, визуалды және дәлелдік тәсілдер арқылы құрастыратынын анықтау маңызды.

Деректі фильмдегі деректерді нарративтік құрылымға ұйымдастыру мәселесі қазіргі медиа зерттеулеріндегі маңызды бағыттардың біріне айналды. Деректі баяндауда фактілер хронологиялық ретпен ғана ұсынылмайды, олар белгілі бір драматургиялық логикаға сәйкес іріктеліп, өзара байланыстырылып, көрерменге түсінікті мағыналық құрылым ретінде беріледі. Осындай ұйымдастыру тәсілі деректі фильмнің дәлелдеу қабілетін күшейтіп қана қоймай, қоғамдық оқиғаларды қабылдау ерекшелігіне де ықпал етеді. Сондықтан деректі фильмді талдау барысында деректердің қандай ретпен ұсынылғанын ғана емес, олардың қандай нарративтік және визуал стратегия арқылы біртұтас қоғамдық мағынаға айналғанын анықтау қажет. Аталған теориялық ұстаным зерттеу барысында NYT Op-Docs пен Azattyq фильмдеріндегі деректерді ұйымдастыру тәсілдерін салыстыруға әдіснамалық негіз болды.

Деректі фильмнің цифрлық ортаға бейімделуі аудиторияның медиамен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін кеңейтті. Интерактивті деректі фильмдерге арналған зерттеулер көрерменнің пассивті қабылдаушыдан белсенді қатысушыға айналу үдерісін сипаттайды. Алайда аталған зерттеудің нысаны интерактивті медиажобалар емес, қысқа форматтағы сызықтық деректі фильмдер болғандықтан, интерактивтілік мәселесі цифрлық медида деректі баяндаудың эволюциясын сипаттайтын теориялық контекст ретінде ғана қарастырылады. Сондықтан зерттеу аудиторияның өзара әрекеттесу деңгейіне емес, қысқа форматтағы деректі фильмдердің әлеуметтік шындықты қандай нарративтік, визуал және дәлелдік стратегиялар арқылы ұйымдастыратынын салыстырмалы талдауға бағытталған.

Деректі фильмдегі куәлік, жарақат және қоғамдық жады мәселелері қазіргі медиа зерттеулеріндегі негізгі теориялық бағыттардың бірін құрайды. Николс (2017) деректі фильмнің тарихи шындықты механикалық түрде тіркемейтінін, оны белгілі бір дәлелдеу логикасы мен репрезентациялық стратегия арқылы қайта құрастыратынын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, деректі фильм оқиғаның өзі емес, оның қоғамдық мағынаға айналу үдерісін бейнелейтін медиалық форма ретінде қарастырылады.

Қоғамдық жады мен куәлік мәселесіне арналған зерттеулер деректі фильмдегі аутенттіліктің куәгердің сөзімен ғана анықталмайтынын көрсетеді. Сара Джонс (2013) аутенттілік монтаж, кадр, дыбыс және баяндау құрылымы арқылы қалыптасатынын дәлелдейді. Сондықтан куәлік өздігінен қалыптасатын абсолютті ақиқат емес, медиалық репрезентация нәтижесінде қоғамдық легитимдікке ие болатын құрылым ретінде қарастырылады. Осындай тұжырымдар қысқа форматтағы деректі фильмдерді талдау барысында куәлік, визуал репрезентация және редакциялық шешімдерді біртұтас аналитикалық жүйеде қарастыру қажеттігін негіздейді.

Ұжымдық жады мен постжады теориялары тарихи жараның медида берілу ерекшеліктерін түсіндіруге мүмкіндік береді. Хирш (2008) ұсынған кейінгі ұрпақ жады тұжырымдамасы жарақатты тәжірибенің кейінгі буынға отбасылық әңгімелер, бейнелер және мәдени репрезентациялар арқылы берілуін түсіндіреді. Кейінгі зерттеулер деректі фильмнің дәл осы үдерістегі негізгі мәдени медиаторлардың біріне айналғанын дәлелдейді. Соның нәтижесінде деректі фильм өткен оқиғаларды сақтау құралы ғана емес, тарихи жақты қайта құрып, қоғамдық интерпретацияны қалыптастыратын медиалық механизм ретінде қарастырылады.

Жүргізілген әдебиетке шолу нарративтік журналистика, мультимодалды фрейминг, деректі фильм теориясы, куәлік және қоғамдық жады зерттеулерінің қысқа форматтағы деректі фильмдерді түсіндіруде өзара толықтыратын теориялық негіз қалыптастыратынын көрсетті. Сонымен бірге халықаралық ғылыми әдебиетте әртүрлі медиалық платформалардың қысқа форматтағы деректі фильмдерін бірыңғай теориялық және әдіснамалық негізде салыстырған

зерттеулер жеткіліксіз. Әсіресе әлеуметтік шындықтың нарративтік, визуал, дәлелдік және аффективтік деңгейлерде қалай ұйымдастырылатынын кешенді талдайтын еңбектер аз. Осы ғылыми олқылық аталған зерттеудің теориялық негізін құрайды. Зерттеу нарративтік журналистика, мультимодальды фрейминг және деректі фильм теориясын біріктіре отырып, NYT Op-Docs пен Azattyq қысқа форматтағы деректі фильмдеріндегі әлеуметтік шындықты ұйымдастырудың әртүрлі медиалық модельдерін салыстырмалы түрде талдайды.

## Теориялық негіздеме

Зерттеу қысқа форматтағы деректі фильмдерде әлеуметтік шындықтың ұйымдастырылуын түсіндіру үшін үш өзара байланысты теориялық бағытқа сүйенеді: фрейминг теориясы, нарративтік журналистика және көпмодальды дискурс талдауы. Аталған теориялар деректі фильмді дайын шындықты бейнелейтін медиаөнім ретінде емес, оқиғаларды іріктеу, құрылымдау және мағыналық жүйеге келтіру арқылы қоғамдық білім өндіретін медиалық-эпистемологиялық механизм ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Фрейминг теориясы медианың әлеуметтік шындықты толық күйінде ұсынбайтынын, керісінше оның жекелеген элементтерін таңдап, маңыздандыру арқылы интерпретациялық құрылым қалыптастыратынын түсіндіреді (Entman, 1993; Scheufele, 1999). Энтман (1993) фреймдеуді мәселені анықтау, себептерін түсіндіру, бағалау және ықтимал шешімдерді ұсыну логикасы ретінде сипаттайды. Деректі фильм контекстінде аталған ұстаным кадрларды іріктеу, кейіпкерлерді таңдау, куәліктерді орналастыру және монтаждық шешімдер арқылы белгілі бір оқиғаға басым мағына беру механизмдерін талдауға мүмкіндік береді. Осы себепті фрейминг теориясы зерттеуде нарративтік құрылым, дәлел түрі және институционалдық көріну категорияларын түсіндіретін негізгі аналитикалық негіз ретінде қолданылады.

Нарративтік журналистика қоғамдық мәселені жекелеген деректер жиынтығы ретінде емес, оқиға, кейіпкер және уақыттық даму арқылы ұйымдастырылған мағыналық құрылым ретінде қарастырады (Bird & Dardenne, 2009; van Krieken & Sanders, 2021). Мұндай тәсілде әлеуметтік құбылыс жеке тәжірибе арқылы ашылып, аудиторияның эмоциялық және когнитивтік қатысуын күшейтеді. Сондықтан зерттеу барысында нарративтік журналистика NYT Op-Docs фильмдеріндегі кейіпкерлік фокус, уақыттық бірізділік, тәжірибелік дәлел және эмоциялық рефлексияның ұйымдастырылуын талдау үшін пайдаланылды.

Көпмодальды дискурс талдауы мағынаның тек вербалды мәтін арқылы емес, визуал композиция, кадр, монтаж, дыбыстық орта және олардың өзара байланысы арқылы қалыптасатынын көрсетеді (Kress & van Leeuwen, 2001; Jewitt, 2014). Деректі фильм жағдайында визуал шешімдер ақпаратты толықтыратын элемент қана емес, оқиғаның интерпретациясына тікелей ықпал ететін семиотикалық ресурс қызметін атқарады. Аталған тәсіл зерттеуде визуал режим, монтаж, дыбыстық ұйымдасу және куәліктің берілу формасы арқылы әлеуметтік шындықтың қалай құрастырылатынын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Үш теориялық бағыт зерттеудің ортақ талдау моделін құрайды. Фрейминг теориясы деректі фильмде оқиғаның қандай бөліктері таңдалып, қайсысына басымдық берілетінін түсіндіреді. Нарративтік журналистика таңдалған деректердің біртұтас оқиға желісіне қалай біріктірілетінін көрсетеді. Көпмодальды дискурс талдауы мағынаның визуал, дыбыс және монтаж арқылы қалай жасалатынын анықтауға мүмкіндік береді. Осы теорияларды біріктіру деректі фильмді шындықты жай көрсететін өнім ретінде емес, оны редакциялық және

платформалық ерекшеліктерге сәйкес іріктеп, түсіндіретін медиалық модель ретінде қарастыруға негіз болады.

Аталған теориялық негіз зерттеу барысында екі медиалық модельді салыстыруға мүмкіндік береді. Нарративтік-аффективтік модельде әлеуметтік шындық кейіпкердің жеке тәжірибесі, уақыттық сабақтастық және эмоциялық қатысу арқылы ұйымдастырылады. Дәлелдік-куәгерлік модельде шындық куәлік, визуал айғақ, фактілік дерек және институционалдық ақпараттың өзара байланысы арқылы негізделеді. Сондықтан салыстырмалы талдау платформалар арасындағы айырмашылықтарды стильдік немесе жанрлық ерекшелік ретінде емес, әлеуметтік шындықты ұйымдастырудың әртүрлі эпистемологиялық режімі ретінде түсіндіруге бағытталды.

## Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу қысқа форматтағы деректі фильмдерде әлеуметтік шындықтың қалай ұйымдастырылатынын анықтауға бағытталған сапалық салыстырмалы дизайнға негізделеді. Зерттеудің басты мақсаты – NYT Op-Docs пен Azattyq платформаларындағы деректі фильмдердің әлеуметтік шындықты құрастыру тәсілдерін салыстырып, олардың нарративтік, визуал, дәлелдік және аффективтік ерекшеліктерін айқындау. Осы мақсатқа сәйкес зерттеуде сапалық контент-талдау мен көпмодальды дискурс талдауы біріктірілді. Мұндай әдіснамалық ұстаным деректі фильмді тек мәтін немесе дайын аудиовизуал өнім ретінде емес, бейне, дыбыс, монтаж, куәлік, кейіпкерлік фокус және баяндау құрылымы өзара байланыста қызмет ететін күрделі медиалық жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу корпусы мақсатты іріктеу әдісі арқылы қалыптастырылды. Бұл әдіс зерттеу сұрағына тікелей қатысы бар, салыстырмалы талдауға жарамды және теориялық тұрғыдан маңызды материалдарды таңдауға мүмкіндік береді. Жалпы корпусқа он қысқа форматтағы деректі фильм енгізілді. Олардың бесеуі The New York Times басылымының NYT Op-Docs сериясынан, қалған бес деректі фильм Azattyq платформасынан алынды. Екі платформаның таңдалуы олардың редакциялық ұстанымы, аудиториясы және деректі баяндау дәстүрінің айырмашылығына негізделді. NYT Op-Docs халықаралық аудиторияға арналған авторлық деректі фильмдерді жариялайтын редакциялық жоба ретінде танылса, Azattyq қоғамдық-саяси мәселелерді деректік материалдар мен куәліктерге сүйене отырып ұсынатын тәуелсіз медиаплатформа болып табылады. Сондықтан екі платформаны салыстыру қысқа форматтағы деректі фильмдерде әлеуметтік шындықтың әртүрлі баяндау логикасы арқылы қалай ұйымдастырылатынын анықтауға мүмкіндік береді.

Іріктеу бірнеше нақты өлшемге сүйенді. Біріншіден, зерттеуге ұзақтығы шамамен 7–31 минут аралығындағы қысқа форматтағы деректі фильмдер енгізілді. Қысқа формат ұғымы бұл зерттеуде абсолютті уақыт өлшемімен емес, редакциялық жарияланым форматы мен ықшам нарративтік құрылым негізінде анықталды. Сондықтан ұзақтығы 20 минуттан асатын жекелеген фильмдер де NYT Op-Docs пен Azattyq платформаларындағы қысқа форматтағы деректі жобалардың құрамдас бөлігі ретінде зерттеу корпусына енгізілді.

Зерттеуге NYT Op-Docs платформасында жарияланған бес қысқа деректі фильм енгізілді: Бен Праудфут пен Крис Бауэрс түсірген *A Concerto Is a Conversation* (2020, 13:24), Лора Никстің *Walk, Run, Cha-Cha* фильмі (2019, 20:23 минут), Гарретт Брэдлидің *Alone* туындысы (2017, 12:26), *Cause of Life: Jerry Givens* фильмі (2020, 7:16 минут) және Бен Праудфуттың *Almost Famous: The Lost Astronaut* деректі фильмі (2019, 12:38 минут). Аталған туындыларда нәсілдік теңсіздік, тарихи жады, миграция, түрме жүйесі, өлім жазасы және

әлеуметтік әділет мәселелері жеке кейіпкерлердің өмір жолы мен тәжірибесі арқылы ашылады.

Azattyq платформасынан бес деректі материал іріктелді: «Екінші мүмкіндік. Сириядағы соғыстан оралған қазақтардың қазіргі өмірі» (2021, 30:34), «Диктатура мен демократия арасы. Сайрагүл Сауытбайдың Швециядағы өмірі» (2021, 27:57), «Өлтірді, мама! Полициямен арпалыста көз жұмған адамның хикаясы» (2020, 20:21), «Пышақ сұғып, балғамен ұрды. Күйеуінен қорлық көрген әйелдің әңгімесі» (2020, 17:59) және «Ұйқыдағы қауым: құпия дертке шалдыққан Калачи ауылының өмірі» (2020, 24:52). Фильмдерде соғыс аймағынан оралған азаматтардың қоғамға бейімделуі, саяси қуғын мен босқындық, полиция әрекетінен болған өлім, тұрмыстық зорлық-зомбылық және экологиялық қауіп мәселелері куәгерлердің сөзі, оқиға орнынан алынған бейнематериалдар, ресми деректер мен сараптамалық түсіндірмелер арқылы баяндалады.

Әр сегмент бес негізгі категория бойынша талданды. Олар: нарративтік құрылым, дәлел түрі, визуал режим, институционалдық репрезентация және аффективтік ұйымдасу. Нарративтік құрылым оқиғаның қалай басталып, қалай дамитынын және қандай мағыналық түйінге келетінін анықтауға бағытталды. Дәлел түрі куәлік, мұрағат, дерек, ресми акпарат немесе визуал айғақтың қалай қолданылатынын көрсетті. Визуал режим кадр композициясы, бейне сапасы, монтаж ырғағы және көрініс сипаты арқылы бағаланды. Институционалдық репрезентация мемлекет, сот, полиция, медиа, отбасы немесе қоғамдық ұйымдардың фильмдегі орны арқылы анықталды. Аффективтік ұйымдасу эмоция, жанашырлық, үрей, әділетсіздік сезімі немесе рефлексияның қалай қалыптасатынын талдауға мүмкіндік берді.

Сапалық контент-талдау фильмдердегі негізгі тақырыптар, дәлел түрлері және қайталанатын мағыналық үлгілерді анықтау үшін қолданылды. Көпмодальды дискурс талдауы визуал, дыбыс, монтаж және мәтіндік элементтердің әлеуметтік шындықты құрастырудағы қызметін түсіндіруге мүмкіндік берді. Осы екі әдістің біріктірілуі деректі фильмдерді тек мазмұн деңгейінде емес, мағына өндіру тәсілі ретінде талдауға жағдай жасады. Осы аналитикалық модель қысқа форматтағы деректі фильмдердегі нарративтік құрылым, дәлелдеу стратегиясы, визуал режим, институционалдық көріну және аффективтік ұйымдасу ерекшеліктерін екі платформа арасында жүйелі салыстыруға мүмкіндік берді.

Зерттеудің талдау бірлігі ретінде нарративтік сегмент қолданылды. Сегмент деп фильм ішіндегі құрылымдық және мағыналық тұрғыдан тұтас бөліктер (экспозиция, оқиға дамуы, кульминация, куәлік блоктары) анықталды. Жалпы 45 сегмент кодталды, соның ішінде, NYT Op-Docs фильмдерінен – 20 сегмент, Azattyq фильмдерінен – 25 сегмент.

Кодтау категориясы алдын ала теориялық әдебиет негізінде әзірленіп, барлық фильмге бірдей қолданылды. Мұндай тәсіл платформа арасындағы айырмашылықтарды бірыңғай аналитикалық өлшемдер арқылы салыстыруға мүмкіндік берді. Бірінші кезеңде корпуста енгізілген барлық фильмдер толық қаралып, әр материал бойынша бастапқы сипаттама жасалды. Бұл кезеңде фильмнің тақырыбы, негізгі кейіпкері, оқиға желісі, визуал стилі, дыбыстық шешімі және негізгі мағыналық акценттері белгіленді. Екінші кезеңде фильмдер нарративтік және мағыналық ауысымдарға қарай сегменттерге бөлінді. Сегменттеу кезінде оқиға желісінің өзгеруі, жаңа кейіпкердің немесе куәліктің пайда болуы, визуал режимнің ауысуы, дәлел түрінің өзгеруі және монтаждық үзілістер негізгі өлшем ретінде алынды. Үшінші кезеңде әр сегмент алдын ала анықталған сараптамалық категориялар бойынша кодталды. Төртінші кезеңде алынған кодтар платформалар арасында салыстырылып, NYT Op-Docs пен Azattyq материалдарындағы қайталанатын нарративтік, дәлелдік, визуал және аффективтік үлгілер анықталды.

Кодтау үшін бес негізгі сараптамалық категория қолданылды. Бірінші категория –

нарративтік құрылым. Осы категория фильмдегі оқиғаның сызықтық, фрагменттелген немесе рефлексиялық түрде ұйымдасуын анықтауға бағытталды. Екінші категория – дәлел түрі. Мұнда жеке тәжірибе, куәгерлік, институционалдық дерек және сараптамалық пікірдің фильмдегі орны мен қызметі белгіленді. Үшінші категория – визуал режим. Бұл өлшем эстетикалық визуал, деректік бейне, репортаждық кадр, архивтік материал және өңделмеген визуал айғақтың қолданылуын талдауға мүмкіндік берді. Төртінші категория – институционалдық көріну. Бұл категория мемлекет, сот, полиция, құқық қорғау органдары, медиа ұйымдар немесе қоғамдық институттардың фильмде жанама не ашық түрде қалай көрінетінін анықтады. Бесінші категория – аффективтік режим. Мұнда фильмнің эмоциялық әсері, эмпатия, рефлексия, шок, жеделдік, үрей немесе әділетсіздік сезімі арқылы қалай ұйымдастырылатыны талданды. Төменде кодтау үшін қолданылған аналитикалық категориялар көрсетілді:

- *нарративтік құрылым (сызықтық / фрагменттелген);*
- *дәлел түрі (тәжірибелік / куәгерлік / институционалдық / сараптамалық);*
- *визуал режим (эстетикалық / деректік, репортаждық);*
- *институционалдық көріну (жанама / ашық);*
- *аффективтік режим (эмпатия, рефлексия / шок, жеделдік).*

Әр сегмент осы категориялардың барлығы бойынша бір уақытта кодталды, бұл көпөлшемді талдау жүргізуге мүмкіндік берді. Кодтау бір зерттеуші тарапынан жүргізілді. Субъективтілікті барынша азайту мақсатында барлық фильм бірнеше рет қайта қаралып, алдын ала әзірленген кодтау нұсқаулығы барлық материалға бірдей қолданылды. Әрбір кодтау кезеңінен кейін бұрын кодталған сегменттер қайта тексеріліп, категориялардың қолданылу бірізділігі сақталды. Интеркодерлік сенімділік коэффициенті есептелмегендіктен, аталған жағдай зерттеудің шектеулерінің бірі ретінде қарастырылады және болашақ зерттеуде бірнеше тәуелсіз кодтаушыны тарта отырып Коэннің каппа коэффициенті немесе Криппендорфтың альфа коэффициенті сияқты келісім көрсеткіштерін есептеу ұсынылады.

## **Зерттеу нәтижелері**

Зерттеу жұмысы деректі фильмдердегі шындықтың ұйымдастырылуы медиалық платформаға тәуелді екенін айқындайды, ал сегменттік кодтау нәтижесі NYT Op-Docs пен Azattyq фильмдері арасында құрылымдық қана емес, эпистемологиялық айырмашылық бар екенін дәлелдейді, өйткені талдау нарративтік құрылым, дәлел түрі, визуал режим, институционалдық көріну және аффективтік режим категориялары бойынша жүргізіліп, екі түрлі интерпретациялық логика қалыптасқанын көрсетеді. NYT Op-Docs фильмдерінде шындық негізінен тәжірибеге сүйенген фрейминг арқылы ұйымдастырылып, кейіпкердің жеке өмірлік тәжірибесі басты дерек көзі ретінде ұсынылады, ал Azattyq фильмдерінде шындық куәгерлік құрылым арқылы беріліп, оқиға куәлік пен фактілік дәлел арқылы бекітіледі.

Зерттеуге енгізілген деректі фильмдер корпусы әртүрлі медиалық жүйеде шындықтың қалай құрылатынын салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік береді. NYT Op-Docs фильмдері медиалық репрезентацияны жеке тәжірибе, естелік және тұлғалық нарратив арқылы ашса, Azattyq фильмдері зорлық, әділетсіздік және институционалдық жауапкершілік мәселелерін куәлік пен айғақтық дерек арқылы көрсетеді. Бұл айырмашылық тек тақырыпта емес, шындықты ұсыну логикасында жатыр.

**Кесте 1. Талдауға енгізілген деректі фильмдер корпусы**

| Платформа | Фильм атауы                                                              | Жылы | Ұзақтығы | Автор(лар)/режиссер(лер)                     |
|-----------|--------------------------------------------------------------------------|------|----------|----------------------------------------------|
| NYT       | <i>A Concerto Is a Conversation</i>                                      | 2020 | 13:24    | Бен Праудфут, Крис Бауэрс                    |
| NYT       | <i>Walk, Run, Cha-Cha</i>                                                | 2019 | 20:23    | Лора Никс                                    |
| NYT       | <i>Alone</i>                                                             | 2017 | 12:26    | Гарретт Брэдли                               |
| NYT       | <i>Cause of Life: Jerry Givens</i>                                       | 2020 | 7:16     | Бен Праудфут                                 |
| NYT       | <i>Almost Famous: The Lost Astronaut</i>                                 | 2019 | 12:38    | Бен Праудфут                                 |
| Azattyq   | «Екінші мүмкіндік». Сириядағы соғыстан оралған қазақтардың қазіргі өмірі | 2021 | 30:34    | Шахида Туляганова                            |
| Azattyq   | «Диктатура мен демократия арасы». Сайрағұл Сауытбайдың Швециядағы өмірі  | 2021 | 27:57    | Нұрбек Түсіпхан, Ұлан Асаналиев              |
| Azattyq   | «Өлтірді, мама!». Полициямен арпалыста көз жұмған адамның хикаясы        | 2020 | 20:21    | Аян Қалмұрат, Оңғар Саймосаев, Дана Сансей   |
| Azattyq   | «Пышақ сұғып, балғамен ұрды». Күйеуінен қорлық көрген әйелдің әңгімесі   | 2020 | 17:59    | Мәншүк Асаутай, Ринат Фазылбаев, Дана Сансей |
| Azattyq   | «Ұйқыдағы қауым: құпия дертке шалдыққан Калачи ауылының өмірі»           | 2020 | 24:52    | Пётр Троценко, Ержан Әмірханов               |

*Ескерту.* Платформалар арасындағы негізгі айырмашылық көтерілген тақырыптардан емес, әлеуметтік шындықты ұсыну және негіздеу логикасынан көрінеді.

**Кесте 2. Сегменттік кодтау нәтижесі**

| Аналитикалық категория  | NYT Op-Docs (n = 20)                                              | Azattyq (n = 25)                                                                                  |
|-------------------------|-------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Нарративтік құрылым     | Сызықтық құрылым – 18 сегмент; фрагменттелген құрылым – 2 сегмент | Сызықтық құрылым – 15 сегмент; фрагменттелген құрылым – 10 сегмент                                |
| Дәлел түрі              | Тәжірибелік дәлел – 20 сегмент                                    | Куәгерлік дәлел – 25 сегмент; институционалдық дерек – 12 сегмент; сараптамалық пікір – 6 сегмент |
| Визуал режим            | Эстетикалық визуал – 17 сегмент                                   | Репортаждық және өңделмеген визуал – 18 сегмент                                                   |
| Институционалдық көріну | Жанама – 13 сегмент; ашық – 7 сегмент                             | Ашық – 21 сегмент; жанама – 4 сегмент                                                             |
| Аффективтік режим       | Эмпатия мен рефлексия – 15 сегмент                                | Шок пен жеделдік – 12 сегмент                                                                     |

*Ескерту.* Талдау бірлігі ретінде нарративтік сегмент NYT Op-Docs корпусынан 20, Azattyq

корпусынан 25 сегмент алынды. Нарративтік құрылым мен институционалдық көріну өзара балама категориялар ретінде кодталды. «Дәлел түрі» категориясында бір сегментке бірнеше код қатар берілуі мүмкін болғандықтан, кодтардың жиынтық саны сегменттердің жалпы санынан артуы ықтимал. Визуалдық және аффективтік режим бойынша кестеде әр платформада басым анықталған кодтар ғана көрсетілді.

### Кесте 3. Жалпылама медиалық модель

| Аналитикалық өлшем      | NYT Op-Docs                                                                       | Azattyq                                                                                        |
|-------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Нарративтік құрылым     | Кейіпкерге бағытталған, оқиға желісі біртіндеп дамитын сызықтық құрылым           | Куәлік, дерек және оқиға фрагменттері қатар берілетін аралас құрылым                           |
| Дәлел түрі              | Жеке тәжірибе, өмірбаяндық естелік және субъективті рефлексияға негізделген дәлел | Куәгер сөзі, нақты айғақ, оқиға дерегі және институционалдық жауапкершілікке негізделген дәлел |
| Визуал режим            | Эстетикалық өңделген, кинематографиялық композицияға құрылған визуал              | Репортаждық, өңделмеген және айғақтық сипаттағы визуал                                         |
| Институционалдық көріну | Институционалдық контекст көбіне жанама түрде беріледі                            | Мемлекет, полиция, сот және құқық қорғау құрылымдары ашық көрінеді                             |
| Аффективтік режим       | Эмпатия, ішкі рефлексия және кейіпкерге эмоциялық жақындасу басым                 | Шок, жеделдік, әділетсіздік сезімі және қоғамдық дабыл басым                                   |

*Ескерту.* Автордың зерттеуі барысында құрастырылды.

Кесте нәтижесі NYT Op-Docs пен Azattyq фильмдерінің әлеуметтік шындықты әртүрлі тәсілмен ұсынатынын көрсетеді. NYT Op-Docs корпусында оқиға көбіне сызықтық құрылыммен беріліп, кейіпкердің жеке тәжірибесі негізгі дәлел ретінде қолданылады; визуалдық шешімдер эстетикалық сипат алып, эмоциялық қатысу мен рефлексияны күшейтуге бағытталады. Azattyq материалдарында куәгер сөзі, институционалдық дерек және сараптамалық пікір қатар қолданылып, оқиға репортаждық және өңделмеген кадрлар арқылы негізделеді; мемлекеттік және қоғамдық институттар ашық көрініп, шок, жеделдік және әділетсіздік сезімі алдыңғы қатарға шығады. Демек, NYT Op-Docs әлеуметтік мәселені кейіпкердің өмірлік тәжірибесі арқылы түсіндірсе, Azattyq оны куәлік, нақты айғақ және институционалдық жауапкершілік арқылы дәлелдеуге ұмтылады.

NYT Op-Docs корпусында нарративтік құрылым айқын басымдыққа ие болды. Кодталған 20 сегменттің 18-і сызықтық құрылыммен ұйымдастырылған. Фильмдердің басым бөлігінде оқиға экспозиция, даму, шиеленіс және қорытынды кезеңдері арқылы бірізді өрбиді. *A Concerto Is a Conversation* фильмінде алғашқы 2 минут 30 секунд кейіпкер мен әлеуметтік контекстті таныстыруға арналған экспозициялық бөлім ретінде берілсе, 2:30–6:00 аралығында отбасы тарихы мен тарихи жады ашылады. 6:00–9:00 аралығында негізгі әлеуметтік мәселе тереңдеп, фильмнің соңғы бөлігінде барлық оқиға желісі ортақ мағыналық қорытындыға бірігеді. Ұқсас құрылым *Walk, Run, Cha-Cha* фильмінде де байқалады. Мұнда кейіпкерлердің миграциялық тәжірибесі, мәдени сәйкестігі және жеке қарым-қатынасы кезең-кезеңімен ұсынылады.

Дәлел түрі бойынша NYT Op-Docs фильмдерінің барлық 20 сегментінде тәжірибелік

дәлел басым қолданылды. Әлеуметтік мәселе кейіпкердің өмірлік тәжірибесі, жеке естелігі және субъективті рефлексиясы арқылы баяндалады. Архивтік материалдар мен тарихи деректер негізгі дәлел қызметін атқармай, кейіпкер баяндауын толықтыратын қосымша контекст ретінде қолданылады. *I Was Poised to Be the First Black Astronaut* фильмінің 4:30–6:30 аралығында нәсілдік теңсіздік мәселесі ресми статистика немесе институционалдық дерек арқылы емес, кейіпкердің жеке тәжірибесі арқылы ұсынылады.

Визуал режим бойынша эстетикалық тәсілдер 20 сегменттің 17-сінде анықталды. Кадр композициясы, жақын пландар, жарық шешімі және баяу монтаж жүйелі түрде қолданылды. Институционалдық көріну көбіне жанама сипат алды. Кодталған 20 сегменттің 13-інде мемлекеттік немесе қоғамдық институттар оқиғаның негізгі субъектісі ретінде емес, кейіпкер тәжірибесінің контексті ретінде ғана көрінеді. Аффективтік ұйымдасу бойынша эмпатия мен рефлексия 20 сегменттің 15-сінде басым тіркелді.

Azattyq платформасының деректі фильмдерінде басқа құрылым анықталды. Кодталған 25 сегменттің 15-інде сызықтық, 10-ында фрагменттелген нарративтік құрылым қолданылды. Дәлел түрі бойынша барлық 25 сегментте куәгерлік дәлел тіркелді. Сонымен қатар 12 сегментте институционалдық дерек, 6 сегментте сараптамалық пікір қолданылды. *Өлтірді, мама!* фильмінің алғашқы секундтарында өңделмеген бейнематериал ұсынылып, кейінгі баяндау куәгер сөзімен және қосымша деректермен жалғасады. *Екінші мүмкіндік* фильмінде куәгерлік, сараптамалық және институционалдық деректер бір сегмент шегінде қатар қолданылады.

Визуал режим бойынша Azattyq фильмдерінің 25 сегментінің 18-інде өңделмеген және репортаждық кадрлар басым болды. Институционалдық көріну 21 сегментте ашық түрде тіркелді. Мемлекеттік органдар, құқық қорғау құрылымдары, сот немесе ресми мекемелер фильмдердің негізгі баяндау желісіне тікелей енгізілген. Аффективтік ұйымдасу бойынша 12 сегментте шок пен жеделдік басым анықталды.

Жинақталған кодтау нәтижелері екі платформа арасында тұрақты айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. NYT Op-Docs фильмдерінде сызықтық нарратив, тәжірибелік дәлел, эстетикалық визуал режим, жанама институционалдық көріну және эмпатияға негізделген аффективтік ұйымдасу жиі кездессе, Azattyq фильмдерінде куәгерлік дәлел, репортаждық визуал режим, ашық институционалдық көріну, аралас нарративтік құрылым және шокқа негізделген аффективтік ұйымдасу басым анықталды. Кесте 2-де ұсынылған сегменттік кодтау нәтижелері аталған айырмашылықтардың барлық аналитикалық категория бойынша жүйелі түрде қайталанатынын көрсетті.

## Талқылау

NYT Op-Docs корпусында сызықтық нарратив пен тәжірибелік дәлелдің басым болуы нарративтік журналистиканың негізгі қағидаларымен сабақтасады. Бёрд пен Дарденн жеке адамның өмір жолына құрылған баяндау әлеуметтік оқиғаларды біртұтас мағыналық құрылымға біріктіріп, олардың қоғамдық мәнін ашуға мүмкіндік беретінін көрсетеді (Bird & Dardenne, 2009). Талданған NYT Op-Docs фильмдерінде де кейіпкердің өмірбаяны қосымша иллюстрация ретінде қолданылмайды. Жеке естелік, өмірлік тәжірибе мен эмоциялық рефлексия әлеуметтік мәселенің себептері мен салдарын түсіндіретін негізгі нарративтік өзекке айналады.

Аталған нәтиже Ван Крикен және әріптестері жүргізген эксперименттік зерттеумен де үндеседі. Зерттеушілер 128 қатысушыға жаппай атыс оқиғасы туралы нарративтік және

дәстүрлі жаңалық мәтіндерін ұсынып, баяндау формасының оқырман қабылдауына ықпалын салыстырған. Нарративтік нұсқаны оқыған қатысушылар оқиға куәгерлерімен күштірек сәйкестеніп, оқиға орнында өздері болғандай әсерді жиірек сезінген. Авторлар мұндай қабылдауды аудиторияның оқиғаға «медиа арқылы куә болуы» деп түсіндіреді (van Krieken et al., 2015). Қазіргі зерттеуде аудиторияның қабылдауы тікелей өлшенген жоқ. Дегенмен NYT Op-Docs корпусындағы 20 сегменттің 18-інде сызықтық құрылымның, барлық 20 сегментте тәжірибелік дәлелдің тіркелуі көрерменді кейіпкердің өмірлік әлеміне енгізетін ұқсас нарративтік тетіктің бар екенін көрсетеді.

Тәжірибелік дәлелдің басымдығы Николстың деректі фильмнің репрезентациялық табиғаты жөніндегі тұжырымын нақтылайды. Николс деректі фильмді шындықтың дайын көшірмесі емес, оқиғаларды белгілі бір көзқарас пен дәлелдеу логикасына сәйкес қайта ұйымдастыратын медиалық форма ретінде қарастырады (Nichols, 2017). NYT Op-Docs материалдарында әлеуметтік шындық кейіпкердің естелігі, өмірбаяндық баяндауы және эмоциялық рефлексиясы арқылы құрастырылады. Архивтік кадрлар мен тарихи мәліметтер дербес дәлел қызметін атқармай, кейіпкердің сөзін толықтыратын контекст ретінде беріледі. Соның нәтижесінде фильмнің танымдық беделі ресми деректердің көптігіне емес, жеке тәжірибенің ішкі тұтастығы мен бірізділігіне сүйенеді.

Azattyq фильмдерінде куәгер сөзі, институционалдық дерек және репортаждық визуал әлеуметтік шындықты негіздеудің басқа тәсілін қалыптастырады. Талданған материалдарда оқиғаны баяндаумен қатар, оның болғанын растау, салдарын көрсету және жауапты институттарды айқындау міндеті алдыңғы қатарға шығады. Сол себепті бір сегмент аясында куәгер сөзі, ресми құжат, сараптамалық пікір және оқиға орнынан түсірілген бейнематериал қатар қолданылады. Әртүрлі дерек түрлерінің байланысы жеке куәлікті субъективті пікір деңгейінде қалдырмай, қоғамдық маңызы бар дәлелге айналдырады.

Azattyq корпусындағы визуалдың қызметі Бьеркнестің цифрлық зерттеу журналистикасындағы визуалды айғақ туралы тұжырымымен сәйкес келеді. Бьеркнес The New York Times басылымының Visual Investigations бөлімі дайындаған 14 видео-зерттеуді талдап, фото мен бейнематериалдың өздігінен дайын дәлел саналмайтынын анықтаған. Визуалды материал журналистік тексеру, салыстыру, түсіндіру және қайта контекстендіру арқылы айғақтық мәнге ие болады (Bjerknes, 2022). Azattyq фильмдерінде де өңделмеген кадрлардың дәлелдік қызметі олардың табиғи көрінуінен ғана туындамайды. Бейнематериал куәгер сөзімен, ресми мәліметпен және журналистік түсіндірмемен байланысқанда оқиғаның материалдық белгісіне айналады. Корпустағы 25 сегменттің 18-інде репортаждық және өңделмеген визуалдың тіркелуі бейненің оқиғаны иллюстрациялаумен шектелмей, куәлікті бекітуге және институционалдық жауапкершілікті негіздеуге қызмет еткенін көрсетеді.

Фрейминг теориясы тұрғысынан анықталған айырмашылықтар Энтман ұсынған іріктеу мен айқындау қағидаларын деректі фильм формасында нақтылайды (Entman, 1993). Екі платформа да әлеуметтік маңызы бар мәселелерді көтереді, алайда оқиғаның қай қырына басымдық беретіні және қандай деректі сенімді білімнің негізі ретінде ұсынатыны бірдей емес. NYT Op-Docs әлеуметтік мәселені кейіпкердің жеке тәжірибесі мен эмоциялық рефлексиясы арқылы түсіндірсе, Azattyq куәлік, фактілік айғақ және институционалдық жауапкершілік арасындағы байланысты алдыңғы қатарға шығарады. Демек, платформалар арасындағы негізгі айырмашылық тақырып таңдаудан емес, әлеуметтік шындықты түсіндіру және негіздеу тәсілінен көрінеді.

Көпмодалды талдау визуал, дыбыс және монтаждың екі корпуста әртүрлі қызмет атқаратынын көрсетті. NYT Op-Docs фильмдеріндегі эстетикалық композиция, жақын план,

баяу монтаж және дыбыстық тыныс кейіпкерге эмоциялық жақындасу мен рефлексияға жағдай жасайды. Azattyq материалдарындағы табиғи дыбыс, оқиға орнынан алынған кадрлар және жедел монтаж визуалды ақпараттың дәлелдік салмағын арттырады. Кресс пен ван Левен мағынаның жеке бір элемент арқылы емес, вербалды, визуалды және дыбыстық ресурстардың өзара әрекеті нәтижесінде қалыптасатынын көрсетеді (Kress & van Leeuwen, 2001). Зерттеу нәтижелері аталған ресурстардың NYT Op-Docs-та кейіпкер тәжірибесін түсіндіруге, ал Azattyq-та оқиғаның айғақтық негізін күшейтуге бағытталғанын көрсетті.

Жүргізілген салыстырмалы талдау әлеуметтік шындықты құрастырудың екі медиа-эпистемологиялық моделін айқындады. Нарративтік-аффективтік модельде танымдық бедел кейіпкердің жеке тәжірибесі, оқиға желісінің тұтастығы және эмоциялық қатысу арқылы қалыптасады. Дәлелдік-куәгерлік модельде сенімділік куәгер сөзі, визуалды айғақ, фактілік мәлімет және институционалдық деректердің өзара байланысына негізделеді. Аталған жіктеу Меллордың фильм стилі автор, баяндаушы, кейіпкер және экрандағы өзге акторлар арасындағы танымдық беделді әртүрлі бөлетіні жөніндегі тұжырымымен үндеседі (Mellor, 2018). Қазіргі зерттеу платформалар арасындағы айырмашылықтың визуалды стильмен немесе баяндау формасымен шектелмейтінін көрсетті.

Негізгі айырмашылық әлеуметтік шындықты сенімді білім ретінде негіздеудің екі түрлі логикасынан көрінеді. Осы тұрғыдан қысқа деректі фильм ақпарат жеткізетін жанр ғана емес, қандай тәжірибенің маңызды, қандай дәлелдің сенімді және қандай институттың жауапты екенін айқындайтын медиалық механизм ретінде танылады.

## Қорытынды

Зерттеу нәтижелері қысқа форматтағы деректі фильмдердің әлеуметтік шындықты жай бейнелемей, оны белгілі бір медиалық логикаға сәйкес құрастыратын түсіндіру модельдері екенін көрсетті. Салыстырмалы талдау зерттеуге енгізілген NYT Op-Docs пен Azattyq фильмдерінде әлеуметтік шындықты құрастырудың екі басым моделі анықталғанын көрсетті. Аталған айырмашылық тақырыптық мазмұннан емес, мағына өндіру және дәлелді негіздеу тәсілінен көрінеді.

Зерттеу барысында екі негізгі модель анықталды. Бірінші модель – нарративтік-аффективтік ұйымдасу. Мұнда шындық уақыттық бірізділікке құрылған оқиға, кейіпкер тәжірибесі және эмоциялық қатысу арқылы ұсынылады. Мағына нарративтік тұтастық пен эмпатиялық қабылдау арқылы қалыптасады, ал әлеуметтік мәселе жеке өмірлік тарихқа енгізіліп түсіндіріледі. Екінші модель – дәлелдік-куәгерлік ұйымдасу. Бұл жағдайда шындық куәлік, факт және институционалдық деректердің тізбегі арқылы бекітіледі. Мағына эмоциялық сәйкестену арқылы емес, дәлелдің жинақталуы және моральдық бағалау арқылы қалыптасады. Визуал мен дыбыстың айғақтық қызметі басым болады. Осы айырмашылық деректі фильмнің шындықты әртүрлі «көрсетуінде» емес, шындықтың өзін әртүрлі тәсілмен құрастыруында жатыр. Яғни платформалар әлеуметтік мәселелерді әртүрлі эпистемологиялық режімдер арқылы құрастырады. Теориялық тұрғыдан зерттеу жұмысы фрейминг, нарративтік журналистика және көпмодальды дискурс талдауы бағыттарын интеграциялау арқылы деректі фильмдерді түсіндірудің жүйелі моделін ұсынады. Ұсынылған екі модель деректі фильмді жанр немесе формат ретінде емес, қоғамдық шындықты өндіретін медиалық механизм ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Практикалық тұрғыдан нәтиже медиалық стратегияны таңдаудың маңызын көрсетеді. Нарративтік-аффективтік тәсіл күрделі әлеуметтік мәселені аудиторияға түсіндіруде тиімді

болса, дәлелдік-куәгерлік тәсіл фактіні бекіту мен қоғамдық жауапкершілікті күшейтуде маңызды. Туындаған айырмашылық медианың мақсаттық функциясына тікелей байланысты. Сонымен қатар зерттеу деректі фильмдердің бейтарап емес екенін айқындайды. Әр платформа шындықты өз редакциялық, институционалдық және мәдени логикасына сәйкес ұйымдастырады. Бұл жағдай деректі журналистикада этика, репрезентация және жауапкершілік мәселелерін қайта қарастыру қажеттігін көрсетеді. Осылайша, деректі фильмді түсіну үшін оны ақпарат тасымалдаушы ретінде емес, шындықты құрылымдайтын күрделі медиалық жүйе ретінде қарастыру қажет.

Зерттеудің бірқатар шектеуі бар. Біріншіден, талдау тек екі медиаплатформадағы он қысқа форматтағы деректі фильммен шектелді. Екіншіден, кодтауды бір зерттеуші жүргізгендіктен, интеркодерлік сенімділік есептелмеді. Болашақ зерттеуде ірі корпус пен бірнеше кодтаушыны пайдалану ұсынылады.

## Пайдаланылган әдебиеттер

- Bell, A. (1998). The discourse structure of news stories. In A. Bell & P. Garrett (Eds.), *Approaches to media discourse* (pp. 64–104). Blackwell.
- Berger, P. L., & Luckmann, T. (1966). *The social construction of reality: A treatise in the sociology of knowledge*. Doubleday.
- Bird, S. E., & Dardenne, R. W. (2009). Rethinking news and myth as storytelling. In K. Wahl-Jorgensen & T. Hanitzsch (Eds.), *The handbook of journalism studies* (pp. 205–217). Routledge.
- Bjerknes, F. (2022). Images of transgressions: Visuals as reconstructed evidence in digital investigative journalism. *Journalism Studies*, 23(8), 951–973. <https://doi.org/10.1080/1461670X.2022.2061574>
- Borish, D., Cunsolo, A., Mauro, I., Dewey, C., & Harper, S. L. (2021). Moving images, moving methods: Advancing documentary film for qualitative research. *International Journal of Qualitative Methods*, 20, 1–14. <https://doi.org/10.1177/16094069211013646>
- Entman, R. M. (1993). Framing: Toward clarification of a fractured paradigm. *Journal of Communication*, 43(4), 51–58. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1993.tb01304.x>
- Fitzgerald, A., & Lowe, M. (2020). Acknowledging documentary filmmaking as not only an output but a research process: A case for quality research practice. *International Journal of Qualitative Methods*, 19, 1–7. <https://doi.org/10.1177/1609406920957462>
- Goffman, E. (1974). *Frame analysis: An essay on the organization of experience*. Harper & Row.
- Hirsch, M. (2008). The generation of postmemory. *Poetics Today*, 29(1), 103–128. <https://doi.org/10.1215/03335372-2007-019>
- Jewitt, C. (Ed.). (2014). *The Routledge handbook of multimodal analysis* (2nd ed.). Routledge.
- Jones, S. (2013). Memory on film: Testimony and constructions of authenticity in documentaries about the German Democratic Republic. *European Journal of Cultural Studies*, 16(2), 194–210. <https://doi.org/10.1177/1367549412467180>
- Kress, G., & van Leeuwen, T. (2001). *Multimodal discourse: The modes and media of contemporary communication*. Arnold.
- Mellor, F. (2018). Configuring epistemic authority: The significance of film style in documentaries about science. *Science in Context*, 31(1), 39–59. <https://doi.org/10.1017/S0269889718000042>
- Nichols, B. (2017). *Introduction to documentary* (3rd ed.). Indiana University Press.
- Rodriguez, L., & Dimitrova, D. V. (2011). The levels of visual framing. *Journal of Visual Literacy*, 30(1), 48–65. <https://doi.org/10.1080/23796529.2011.11674684>
- Scheufele, D. A. (1999). Framing as a theory of media effects. *Journal of Communication*, 49(1), 103–122. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1999.tb02784.x>
- van Krieken, K., Hoeken, H., & Sanders, J. (2015). From reader to mediated witness: The engaging effects of journalistic crime narratives. *Journalism & Mass Communication Quarterly*, 92(3), 580–596. <https://doi.org/10.1177/1077699015586546>
- van Krieken, K., & Sanders, J. (2021). What is narrative journalism? A systematic review and an empirical agenda. *Journalism*, 22(6), 1393–1412. <https://doi.org/10.1177/1464884919862056>
- Zelizer, B. (2007). On “having been there”: “Eyewitnessing” as a journalistic key word. *Critical Studies in Media Communication*, 24(5), 408–428. <https://doi.org/10.1080/07393180701694614>

## References

- Bell, A. (1998). The discourse structure of news stories. In A. Bell & P. Garrett (Eds.), *Approaches to media discourse* (pp. 64–104). Blackwell.
- Berger, P. L., & Luckmann, T. (1966). *The social construction of reality: A treatise in the sociology of knowledge*. Doubleday.
- Bird, S. E., & Dardenne, R. W. (2009). Rethinking news and myth as storytelling. In K. Wahl-Jorgensen & T. Hanitzsch (Eds.), *The handbook of journalism studies* (pp. 205–217). Routledge.
- Bjerknes, F. (2022). Images of transgressions: Visuals as reconstructed evidence in digital investigative journalism. *Journalism Studies*, 23(8), 951–973. <https://doi.org/10.1080/1461670X.2022.2061574>
- Borish, D., Cunsolo, A., Mauro, I., Dewey, C., & Harper, S. L. (2021). Moving images, moving methods: Advancing documentary film for qualitative research. *International Journal of Qualitative Methods*, 20, 1–14. <https://doi.org/10.1177/16094069211013646>
- Entman, R. M. (1993). Framing: Toward clarification of a fractured paradigm. *Journal of Communication*, 43(4), 51–58. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1993.tb01304.x>
- Fitzgerald, A., & Lowe, M. (2020). Acknowledging documentary filmmaking as not only an output but a research process: A case for quality research practice. *International Journal of Qualitative Methods*, 19, 1–7. <https://doi.org/10.1177/1609406920957462>
- Goffman, E. (1974). *Frame analysis: An essay on the organization of experience*. Harper & Row.
- Hirsch, M. (2008). The generation of postmemory. *Poetics Today*, 29(1), 103–128. <https://doi.org/10.1215/03335372-2007-019>
- Jewitt, C. (Ed.). (2014). *The Routledge handbook of multimodal analysis* (2nd ed.). Routledge.
- Jones, S. (2013). Memory on film: Testimony and constructions of authenticity in documentaries about the German Democratic Republic. *European Journal of Cultural Studies*, 16(2), 194–210. <https://doi.org/10.1177/1367549412467180>
- Kress, G., & van Leeuwen, T. (2001). *Multimodal discourse: The modes and media of contemporary communication*. Arnold.
- Mellor, F. (2018). Configuring epistemic authority: The significance of film style in documentaries about science. *Science in Context*, 31(1), 39–59. <https://doi.org/10.1017/S0269889718000042>
- Nichols, B. (2017). *Introduction to documentary* (3rd ed.). Indiana University Press.
- Rodriguez, L., & Dimitrova, D. V. (2011). The levels of visual framing. *Journal of Visual Literacy*, 30(1), 48–65. <https://doi.org/10.1080/23796529.2011.11674684>
- Scheufele, D. A. (1999). Framing as a theory of media effects. *Journal of Communication*, 49(1), 103–122. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1999.tb02784.x>
- van Krieken, K., Hoeken, H., & Sanders, J. (2015). From reader to mediated witness: The engaging effects of journalistic crime narratives. *Journalism & Mass Communication Quarterly*, 92(3), 580–596. <https://doi.org/10.1177/1077699015586546>
- van Krieken, K., & Sanders, J. (2021). What is narrative journalism? A systematic review and an empirical agenda. *Journalism*, 22(6), 1393–1412. <https://doi.org/10.1177/1464884919862056>
- Zelizer, B. (2007). On “having been there”: “Eyewitnessing” as a journalistic key word. *Critical Studies in Media Communication*, 24(5), 408–428. <https://doi.org/10.1080/07393180701694614>

IRSTI: 19.21.07

## A Comparative Analysis of Reality Construction Models in Short Documentary Films Based on The New York Times Op-Docs and Azattyq Materials

Bagdat Sultanqyzy

SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

email: [241308002@sdu.edu.kz](mailto:241308002@sdu.edu.kz)

### Abstract

This article examines how social reality is constructed in short-form documentary films by comparing the materials of NYT Op-Docs and Azattyq. Contemporary digital platforms increasingly transform a documentary film into an epistemological media form that selects, organizes, and interprets public events. Existing studies on documentary film, narrative journalism, and visual framing have mainly focused on either Western media contexts, thematic representation, or aesthetic strategies. However, there is still limited comparative research on how institutionally and geographically different media platforms construct reality through distinct documentary logics. This study addresses that gap by analyzing short-form documentaries as platform-specific systems of knowledge production. The purpose of the article is to identify the mechanisms through which short documentary films organize social reality and to define the dominant epistemological models operating within two different media environments. The theoretical framework combines framing theory, narrative journalism, and multimodal discourse analysis. The empirical corpus consists of ten short documentary films selected through purposive sampling: five films from NYT Op-Docs and five films from Azattyq. The films were divided into 45 narrative segments and analyzed through qualitative content analysis and multimodal analysis. The coding scheme included five categories: narrative structure, type of evidence, visual mode, institutional visibility, and affective organization. The findings demonstrate two contrasting models of documentary reality construction. NYT Op-Docs primarily operates through a narrative-affective model, in which social reality is organized around personal experience, character-centered storytelling, aesthetic visual composition, and emotional reflection. Azattyq, by contrast, follows an evidentiary-testimonial model, where reality is constructed through witness accounts, factual evidence, raw visual material, and explicit institutional responsibility. The article contributes to framing theory by extending it beyond textual and news-based analysis and by showing how documentary meaning is produced through the interaction of narrative, visual, evidentiary, institutional, and affective elements. The study also demonstrates that short-form documentary films should be analyzed not only as journalistic products, but as epistemological mechanisms that shape public understanding of social reality.

**Keywords:** documentary film, framing theory, narrative journalism, multimodal discourse analysis, media epistemology, testimonial evidence

МРНТИ: 19.21.07

## Сравнительный анализ моделей конструирования реальности в короткометражных документальных фильмах на материале The New York Times Op-Docs и Azattyq

Сұлтанқызы Бағдат  
SDU University, Каскелен, Казахстан  
email: [241308002@sdu.edu.kz](mailto:241308002@sdu.edu.kz)

### Аннотация

